

## Хромтау ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 8 ақпандағы № 29 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 22 ақпанда № 3-12-143 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 173 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 11.05.2016 № 173 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 7-бабының 5-2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына және 37 бабына сәйкес Хромтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік түріне қарамастан Хромтау ауданының кәсіпорындары мен ұйымдары мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан 3 % көлемінде жыл сайын жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулыдан туындайтын іс-шараларды ұйымдастыру "Хромтау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Сержановқа жүктелсін.

3. Хромтау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № 25 "Ұйым, кәсіпорын және мекемелерде мүгедектерді жұмысқа алу үшін 2010 жылға жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-114 нөмірімен тіркелген, 2010 жылдың 26 наурызында "Хромтау" газетінде № 14-15 ресми жарияланған) күші жойылды деп саналсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Ельдесовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А.Усманғалиев*

